

Қазақстан Республикасының ішкі нарығын жеміс-көкөніс өнімінен молықтыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 шілдедегі N 592 Қаулысы

Ішкі нарықты жеміс-көкөніс өнімімен молықтыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы, Көлік және коммуникация, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) :

1) "жалғыз терезе" қағидаты бойынша жаңа піскен жеміс-көкөніс өнімін өткізу дің оңайлатылған тәртібін ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында (бұдан әрі - Мемлекеттік шекара) өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жайластыру мәселелерін пысықтасын;

2) жеміс-көкөніс өнімі бар автокөлік құралдарын Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінде негізсіз ұстауға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі:

1) Қыргыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан өңірлеріне жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жеміс-көкөніс өнімі бар автоколонналарды жол-патрульдік полицияның бірге алып жүргүйн қамтамасыз етсін;

2) екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп, шектес мемлекеттерден Қазақстан өңірлеріне жаңа піскен жеміс-көкөніс өнімін тасымалдауды жүзеге асыратын, Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінде берілген бақылаудан өту талоны бар көлік құралдарын негізсіз тоқтату, тексеру және ұстау жағдайларын болдырмау жөнінде шаралар қабылдасын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2014.12.09 № 1286 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, жеміс-көкөніс өнімін оңтүстік өңірлерден Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне тасымалдау үшін жолаушылар поездарын қосымша багаж вагондарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырысын.

4. "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары одағымен (келісім бойынша) және "Сарыарқа"

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - "Сарыарқа" ӘҚК) (келісім бойынша) бірлесіп, бір ай мерзімде тез бұзылатын жеміс-көкөніс өнімін тасымалдау үшін үлкен жүк таситын автомобиль-рефрижераторлары бар мамандандырылған автопарктерді ұйымдастыру мәселелерін

п ы с ы қ т а у

ұ с ы н ы л с ы н .

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері республикада мауысымараптық кезеңде жергілікті өнімге сұранысты қанағаттандыру үшін көкөністер мен жемістерді жабық топырақ жағдайында өсіруді кеңейту мәселелерін пысықтасын.

6. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп, биржалық сауда тетігін қолданып, ел базарларына жеміс-көкөніс өнімін жеткізу ді ұйымдастыру мәселелерін пысықтасын.

7. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері:

1) жеміс-көкөніс өнімін сату үшін қалаларда және ауылдық елді мекендерде қосымша коммуналдық базарлар мен қосымша сауда алаңдарын (алаңқайларын) ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) олардан алымдар мен төлемдерді алушы болдырмай, жеміс-көкөніс өнімін көлік құралдарынан сату, сондай-ақ»"жол бойында сату" үшін қолайлы жағдай жасасын;

3) Қазақстанның базарлар, сауда мен қызмет көрсету салалары кәсіпорындары қауымдастырымен (келісім бойынша) бірлесіп, жеміс-көкөніс өнімін ішкі нарықта жылжыту үшін сауда-логистикалық терминалдар қалыптастыру мәселелерін

п ы с ы қ т а с ы н ;

4) өнірлердегі коммуналдық меншіктегі, жұмыс істемейтін жеміс-көкөніс сақтау қоймаларын қайта жаңарту жөнінде шаралар қабылдасын, сондай-ақ қызмет көрсетілетін халықтың санын ескере отырып, жеміс-көкөніс өнімін сатып алу, сақтау және сату жөніндегі сауда инфрақұрылымының жаңа объектілерін салу үшін қажетті ау мақты

а й қ ы н д а с ы н ;

5) "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, өнірлерде жылышайлар салу және оларды қайта жаңарту жөніндегі мәселелерді

п ы с ы қ т а с ы н ;

6) интернет-ресурстарда тұрақты түрде жеміс-көкөніс өнімін өсіру, олардың бағасы және атауларын, мөлшерін және оларды сауда базарларында сату шарттарын көрсете отырып, өнірлердің аталған өнімге қосымша қажеттіліктері туралы ақпаратты орналастыруды

ж ү з е г е

а с ы р с ы н .

Ескеरту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Ақмола, Қарағанды облыстарының және Астана қаласының әкімдіктері бір ай мерзімде қолданыстағы заңнамага сәйкес "Сарыарқа" ӘҚК-ға жеміс-көкөніс өнімін сатып алу, сақтау және сату жөніндегі сауда инфрақұрылымының объектілерін

салу үшін қажетті жер участеклерін бөлсін.

9. "Сарыарқа" ӨКК" АҚ (келісім бойынша) бір ай мерзімде Ақмола, Қарағанды облыстарында және Астана қаласында жеміс-көкөніс өнімін сатып алу, сақтау және сату жөніндегі сауда инфрақұрылымын салу үшін инвесторлар тарту мәселелерін пысықтасын.

10. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК